

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	8D02 - Өнер және гуманитарлық ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	8D022 - Гуманитарлық ғылымдар
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	8D02202 - Тарих
Білім беру бағдарламаларының топтары	D053 - Тарих
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	8D02202 – Тарих білім беру бағдарламасының бірегейлігі: 1. докторанттардың «Алтайтану» ҒЗО, С. Аманжолов атындағы ШҚУ археология және мәдени мұра мұражайы, Ж. Ахмеров атындағы цифрлық гуманитаристика кабинеті базаларында докторанттардың кәсіби және зерттеу құзыреттерін бекіту мүмкіндігі; 2. Шығыс Қазақстан облысы цифрландыру және архивтер басқармасының «Мемлекеттік архив» КММ және Шығыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы «Облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК, сонымен қатар Университеттің сирек қоры базаларын қолдана отырып, тарихи дереккөзбен жұмыс істеу және жоғары сапалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау дағдыларын бекіту мүмкіндігі; 3. БББ жоғары кәсіби профессорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз етілуі, оның ішінде докторантурада дәріс оқитын және өзекті мәселелер бойынша өзінің ғылыми мектептері бар 2 ғылым докторы: «Демографиялық процестер» ғылыми мектебі (т.ғ.д. Алексеевко А.Н.); «Қазақстан тарихы» ғылыми мектебі (т.ғ.д., профессор Дүкенбаева З.О.); 4. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін С. Аманжолов атындағы ШҚУ базасында тұрақты түрде өткізілетін ғылыми-тәжірибелік конференциялардың: - «Алтай - түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы; - «Аманжолов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы; - «Өлкетану оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, - «Қазақстан және көрші аумақтардағы этнодемографиялық процестер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинақтарында жариялау мүмкіндігі; 5. Қазақстан тарихы кафедрасының ұзақ мерзімді және тұрақты байланыстары бар Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында (Алтай мемлекеттік университеті, Алтай мемлекеттік педагогикалық университеті, Новосібір ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті) жұмыс істейтін ғалымдардан білікті кеңес алу мүмкіндігі; 6. докторанттардың ҚР БҒМ «Қалалық қазақтардың репродуктивті мінез-құлқының өңірлік ерекшеліктері: үрдістер мен перспективалар» гранттық жобасына қатысу мүмкіндігі (ғылыми жетекшісі т.ғ.к. Ж.С. Аубакирова).
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
БББ мақсаты	әлемдік және отандық тарих саласындағы кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі бар, тарихи және пәнаралық зерттеулердің әдіснамасы мен практикалық дағдыларын біле отырып, оларды аналитикалық, ғылыми-зерттеу қызметінде іске асыруға, мемлекет пен нарықтың қажеттіліктеріне негізделген оқытуға қабілетті мамандардың сапалы теориялық және практикалық даярлығын қамтамасыз ету
БББ міндеттері	1. «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасына сәйкес білімі, ойлау мәдениеті, этикалық және құқықтық нормалары, сондай-ақ ғылыми қауымдастықта өзара әрекеттесу нормалары бар, еңбек нарығында сұранысқа ие, құзыретті көптілді тұлғаны дамыту. 2. Оңтайлы сыни ойлау; тарихи жағдайдағы үрдістерге талдау және жинақтау біліктілігін дамыту. 3. Тарихи үрдістер мен заңдылықтар туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, ғылыми тарихи зерттеуді жүзеге асыру барысында аналитикалық дағдыларды дамыту.

	4. Мәселені айқындау, бірегей ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру, ғылыми жетістіктерді нақты әлеуметтік-маңызды нәтижелерге ие жобалық қызмет түрінде жүзеге асыру.
БББ оқыту нәтижелері	8D02202 - Тарих білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін білім алушы: 1. Орталық Азия халықтарының көшпелі өркениеті мен мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуының негізгі процестерін жүйелі түрде түсінуді көрсету; 2. ғылыми мақалалар мен докторлық диссертацияны жазу үшін ақпаратты таңдау, синтездеу және талдау бойынша академиялық жазу саласындағы теориялық және әдістемелік білімді қолдану; 3. ғылыми зерттеулер жүргізудің, тарих ғылымының өзекті мәселелері саласындағы ғылыми жобаларды әзірлеудің, олардың нәтижелерін ғылыми және академиялық қоғамдастыққа таратудың заманауи әдістері мен тәсілдерін қолдану; 4. әлеуметтік-демографиялық процестердің ретроспективалық және динамикадағы өзекті мәселелерін талдаудың теориялық және әдістемелік құралдары мен тәсілдерімен, жалпы ғылыми және арнайы әдістерімен жұмыс істеу; 5. қазіргі отандық және шетелдік тарихнамалық мектептердің әртүрлі теориялық және әдістемелік тәсілдерін синтездей отырып, ұлттық тарихтың, деректану мен тарихнаманың негізгі мәселелерін талдау; 6. статистикалық деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи технологияларын қолдану дағдыларын көрсете отырып, ұзақ тарихи ретроспективада Қазақстанның көші-қон процестері мен тенденцияларына талдау; 7. тарихтың дамуын түсіну үшін заманауи теориялық және тарихи-әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып, тарихи процестерді, дереккөздерді, фактілер мен ақпаратты сыни тұрғыдан талдау; 8. қазіргі тарих ғылымының өзекті мәселелері бойынша ғылыми жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	8D02202 - Тарих білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD)
Лауазымдарының тізімі	Әртүрлі деңгейдегі оқу орындарындағы оқытушы; ғылыми-зерттеу институттарының, ведомстволық ғылыми-зерттеу бөлімдерінің, бақылау-талдау және жобалау қызметтерінің, мемлекеттік басқару органдарының, мұражайлар мен әртүрлі типтегі мұрағаттардың және басқа да ғылыми-зерттеу, ағартушылық және мәдени қорғау мекемелерінің ғылыми қызметкері.
Кәсіби қызмет объектісі	Тарихтың теориясы мен әдіснамасын, тарихи және пәнаралық ғылыми зерттеулердегі практикалық дағдыларды пайдалана отырып, тарихи және әлеуметтік-демографиялық шындықты әлемдік, отандық және аймақтық процестер деңгейінде зерттеу, ғылыми-зерттеу нәтижелерін аналитикалық, зерттеу, оқу-әдістемелік қызметке енгізу.